

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2023 ж. «14» ақпан
№ N060765 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

Саудалық атауы

Келтикан®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы

Капсулалар

Фармакотерапиялық тобы

Жүйке жүйесі. Жүйке жүйесінің ауруларын емдеуге арналған басқа препараттар.

АТХ коды N07XX

Қолданылуы

- радикулиттер (люмбаго, люмбалгия, люмбоишиалгия)
- диабеттік полиневропатия
- алкогольдік полиневриттер
- белдемелі теміреткі, ганглионит
- бет жүйкесінің невропатиясы
- үш тармақты жүйке невралгиясы
- қабырға аралық жүйкелер невралгиясы
- плекситтер

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- белсенді заттарға немесе қосымша заттардың кез келгеніне жоғары сезімталдық
- 18 жасқа дейінгі балалар

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Келтикан® тамақтануға дейін, тамақтану кезінде немесе одан кейін қабылдауға болады.

Егер ас қорыту жолы тарапынан қандай да бір бұзылулар болса, Келтикан®

препаратын тамақтану кезінде қабылдау ұсынылады.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған.

Арнайы ескертулер

Жүктілік

Жүктілік және лактация кезеңінде препаратты қолдану қауіпсіздігі анықталмаған. Жүкті әйелдерге және лактация кезеңінде әйелдерге, егер ана үшін күтілетін пайдасы шаранаға/балаға төнетін ықтимал қауіптен асып түсетін жағдайда ғана, препаратты тағайындаған жөн.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Механизмдерді басқару және көлік жүргізу қабілетіне әсері туралы ешқандай дәлел жоқ.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Ересектер: 1 капсуладан тәулігіне 3 рет.

Енгізу әдісі және жолы

Келтикан® капсулалары пероральді қабылданады.

Емдеу ұзақтығын пациенттің жай-күйіне және емдеуге реакциясына байланысты дәрігер белгілейді.

Артық дозаланған жағдайда қолданылатын шаралар

Препараттың уыттылығының аз екенін ескере отырып, емдік дозалар кездейсоқ асып кеткен жағдайларда да уыттану екіталай.

Кездейсоқ артық дозалану жағдайында симптоматикалық емді бастау қажет.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес алуға жүгіну бойынша ұсынымдар

Препаратты қолданар алдында міндетті түрде дәрігермен кеңесу керек.

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар (қажет болған жағдайда)

Сипатталған жоқ.

Аллергиялық реакциялар пайда болуы мүмкін, қандай да бір жағымсыз құбылыстар пайда болған кезде қабылдауды тоқтату және міндетті түрде дәрігерге көріну керек.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен

медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір капсуланың құрамында, миллиграммда:

Белсенді зат – цитидин-5'-динатрий монофосфаты 5.0 мг

уридин-5'-тринатрий трифосфаты,

уридин-5'-динатрий дифосфаты,

уридин-5'-динатрий монофосфаты (барлығы) 3.0 мг, (уридинге баламалы)
1,33 мг

Қосымша заттар: лимон қышқылы, натрий цитраты дигидраты, магний стеараты, коллоидты кремнийдің қостотығы (аэросил 200), маннитол,

Желатинді капсула: корпусы - темірдің қара тотығы (E 172), титанның қостотығы (E 171), желатин. *Қақпақшасы* - индигокармин (E 132), титанның қостотығы (E 171), желатин.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Сұр түсті мөлдір емес корпусы және көк түсті қақпақшасы бар қатты желатинді капсулалар (№2). Капсула ішіндегісі – гигроскопиялы ақ ұнтақ.

Шығарылу түрі және қаптамасы

15 капсуладан ПВХ үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынады.

2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынады.

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәліметтер

Ferrer Internacional S.A., Spain / Феррер Интернасьональ С.А., Испания
Joan Buscalla, 1-9, 08173 Sant Cugat del Valles, Barcelona (Spain)

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Ferrer Internacional S.A., Spain / Феррер Интернасьональ С.А., Испания
Gran Via Carlos III, 94 08028 Barcelona, Spain

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды)

қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта):

«Такеда Қазақстан» ЖШС

Алматы қ., Шашкин к-сі, 44

Телефон нөмірі: (727) 2444004

Электронды поштасы AE.AsiaCaucasus@takeda.com.